
 <p>QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p>«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі</p>	
<p>Редакция: № 1 Сәйк. код: П-19-23</p>	<p>«QazaqGaz» ҰК» АҚ-дағы және оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы кемсітушілік пен харасментке қарсы саясат</p>	<p>9 беттің 1-ші беті</p>

**«QazaqGaz» ҰК» АҚ
Басқармасының
2023 жылғы 28 тамыз
№ 24 шешімімен бекітілген**

**«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ-дағы ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ
ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ КЕМСІТУШІЛІК ПЕН ХАРАССМЕНТКЕ ҚАРСЫ
САЯСАТ**

___ дана


Астана қ., 2023 ж.

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 1 Сәйк. код: П-19-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-дағы және оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы кемсітушілік пен харасментке қарсы саясат	9 беттің 2-ші беті

АЛҒЫ СӨЗ


Енгізілді: алғашқы рет.

Қайта қарау күні: 2028 жыл.

 QAZAQGAZ <small>НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ</small>	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 1 Сәйк. код: П-19-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-дағы және оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы кемсітушілік пен харассментке қарсы саясат	9 беттің 3-ші беті

Мазмұны

1. Мақсаты және қолданылу саласы	Ошибка! Закладка не определена.
2. Нормативтік сілтемелер	4
3. Терминдер мен анықтамалар	4
4. Қысқартулар мен белгілер	Ошибка! Закладка не определена.
5. Жауапкершілік пен өкілеттіктер	Ошибка! Закладка не определена.
6. Саясатты іске асырудың негізгі принциптері мен тәсілдері	Ошибка! Закладка не определена.
7. Жазбалар	Ошибка! Закладка не определена.
8. Қайта қарау, өзгертулер енгізу, сақтау және тарату..	Ошибка! Закладка не определена.
Өзгерістерді тіркеу парағы	Ошибка! Закладка не определена.
Танысу парағы	9

	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 1 Сәйк. код: П-19-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-дағы және оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы кемсітушілік пен харассментке қарсы саясат	9 беттің 4-ші беті

1. Мақсаты және қолданылу саласы

1.1. Осы «QazaqGaz» ҰК» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) және оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы (бұдан әрі – ЕТҰ немесе бірлесіп аталатын – Компаниялар тобы) кемсітушілік пен харассментке қарсы саясат Қоғамда жеке адамның абройы мен қадір-қасиетті бойынша жұмыс ахуалын қолдайды.

1.2. Қоғамның және Компаниялар тобының әрбір жұмыскері мансаптық өсудің тең мүмкіндіктеріне ықпал ететін және заңсыз кемсітушілік тәжірибелерін, соның ішінде қудалауды болдырмайтын кәсіби атмосферада жұмыс істеуге құқылы. Осыған байланысты, Қоғам Қоғамдағы адамдар арасындағы барлық қатынастар іскерлік және кемсітушіліктен, алалаушылықтан және қудалаудан бос болады деп күтеді.

1.3. Бұл Саясаттың мақсаты Қоғамның және Компаниялар тобының барлық жұмыскерлері арасында кемсітушілік пен харассментке төзбеушілікті тарату, сондай-ақ кемсітушілік пен харассменттің алдын алу, ден қою және болдырмау жөніндегі шараларды құру және қолдау болып табылады.

1.4. Бұл Саясаттың міндеттеріне жұмыскерлердің кемсітушілік пен харассментке жол бермеу, оның салдары туралы хабардарлығын арттыру, кемсітушілік пен харассменттен қорғауды қауіпсіз және құпия қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ кемсітушілік пен харассмент айыптауларын тергеу кезінде тиісті құқықтық процедураның сақталуын қамтамасыз ету үшін стандартты процесті белгілеу, оның ішінде зардап шеккендер, куәгерлер мен болжамды бұзушылық жасаған осындай істерге қатысы бар адамдардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету кіреді.

1.5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ БҰҰ-ның адам құқықтары аспектісіндегі кәсіпкерлік қызметтің басшылық қағидаттарына (2011 жыл), Еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілік туралы конвенцияға (1958 жыл), Халықаралық еңбек ұйымының осы саладағы негізгі қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясына (1998 жыл) сәйкес адам құқықтарын сақтауда өз жұмыскерлері үшін қолайлы ортаны қамтамасыз етуге ұмтылады.


2. Нормативтік сілтемелер

Саясатта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

- 1998 год - Халықаралық еңбек ұйымының еңбек саладағы негізгі қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясы;
- 1958 год - Еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілік туралы конвенция;
- 2011 год - БҰҰ-ның адам құқықтары аспектісіндегі кәсіпкерлік қызметтің басшылық қағидаттары;
«QazaqGaz» ҰК» АҚ Іскерлік этика кодексі;
- ДП-01 - «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның ішкі регламенттеуші құжаттарын әзірлеуге, ресімдеуге және жазуға қойылатын жалпы талаптар;
- ДП-02 - Құжаттаманы басқару;
- ДП-03 - Жазбаларды басқару

3. Терминдер мен анықтамалар

3.1. Осы Саясатта 1-кестеге сәйкес терминдер мен оларға сәйкес анықтамалар қолданылады.

	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 1 Сәйк. код: П-19-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-дағы және оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы кемсітушілік пен харассментке қарсы саясат	9 беттің 5-ші беті

1-кесте. Терминдер мен анықтамалар

Терминдер	Анықтамалар
Кемсітушілік	Адамның (азаматтың) құқықтары мен бостандықтарын тегіне, әлеуметтік, лауазымдық немесе мүлкітік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына немесе кез келген өзге де мән-жайларға байланысты тікелей немесе жанама шектеуді білдіретін азаматтардың тең құқығын бұзу.
Харассмент	Адамның жеке өміріне қол сұғылмаушылықты бұзатын басқа адамға қолайсыздық немесе тіпті зиян келтіретін адамның мінез-құлқы.
Басшылық	Басқарма Төрағасы (Бас директор), Басқарма Төрағасының (Бас директордың) орынбасарлары, Басқарма мүшелері
Заң/ заңнама	Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы

4. Қысқартулар мен белгілер

4.1. Осы Саясатта 2-кестеге сәйкес мынадай белгілер мен қысқартулар пайдаланылады.

2-кесте. Қысқартулар мен белгілер

№ р/с	Қысқартулар мен белгілер	Берілген қысқартулар мен белгілерді ашып жазу
1.	Қоғам	«QazaqGaz» ҰК» акционерлік қоғамы
2.	ІНҚ	Ішкі нормативтік құжаттар
3.	ИМЖ ЖҚБ	ИМЖ функционалына кіретін жауапты құрылымдық бөлімше
4.	АРБЖЕТД	Адам ресурстарын басқару функционалына кіретін жауапты құрылымдық бөлімше.

5. Жауапкершілік пен өкілеттілік

5.1. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы осы Саясатты іске асыру үшін барлық қажетті ресурстарды беруге жауапты.

5.2. Басшылық осы Саясатты іске асыру үшін жауапкершілікті өзіне алады.


5.3. Компаниялар тобының басшылары мен жұмыскерлері еңбек саласындағы кемсітушілік пен харассментке жол бермеу жөніндегі өз міндеттерін сөзсіз толық орындауға жауапты.

5.4. Осы Саясатта көрсетілген Қоғамның міндеттемелері Қоғамға, жұмыскерлерге, мердігерлік ұйымдарға қолданылады және Қоғамның серіктестермен іскерлік қатынастар жүйесіне енгізіледі.

5.5. ДП-01 "Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының мазмұнына, жазылуына және ресімделуіне қойылатын жалпы талаптар" құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес осы Саясатты әзірлеуге АРБЖЕТД жауапты болады.

5.6. Осы Саясатты басқару үшін "Құжаттаманы басқару" ПД-02 құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес ИМЖ ЖҚБ жауапты болады.

6. Саясатты іске асырудың негізгі принциптері мен тәсілдері

	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 1 Сәйк. код: П-19-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-дағы және оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы кемсітушілік пен харасментке қарсы саясат	9 беттің 6-ші беті

6.1. Саясат келесі принциптерге негізделген:

Жұмыспен қамтудың тең мүмкіндіктері: әркімнің еңбек саласындағы өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда тең мүмкіндіктері бар. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда және тәртіппен еңбек саласындағы құқықтарда ешкім шектеле алмайды.

Жұмыс орнындағы жыныстық мәжбүрлеу: жыныстық мәжбүрлеу физикалық байланыс және жыныстық боялған ұсыныстар, ескертулер, порнография көрсету және жыныстық талаптар сияқты жағымсыз жыныстық мінез-құлықты қамтиды, бұл сөз немесе әрекет болсын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңсыз болып табылады.

Қоғамның және Компаниялар тобының әрбір жұмыскері әріптестерімен қызметтік қарым-қатынаста әріптестерінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне кемсітушілік пен қол сұғушылықтың кез келген нысандарын болдырмайтын қолайлы моральдық-психологиялық атмосфераны құруға бағытталған шараларды қабылдауы тиіс.

Қудалау: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғау объектісі болып табылатын басқа да қасиеттер негізінде қудалауға қатаң тыйым салынады. Осы Саясатқа сәйкес, жұмыс орнында қорқыту, дұшпандық немесе қорлау атмосферасын құру мақсаты немесе салдары бар ауызша, жазбаша немесе физикалық әрекеттер қудалау болып саналады.

Психологиялық зорлық-зомбылық: жұмыскерлерге жағымсыз немесе қолайсыз әңгімелер, ұсыныстар, өтініштер, талаптар, физикалық байланыстар немесе назар аудару, қорлау немесе басқа да орынсыз әрекет арқылы қорқынышты, дұшпандық, төзгісіз немесе қорлайтын жұмыс ортасын құру.

Кез келген жазбаша немесе графикалық материалдарды, соның ішінде күнтізбелерді, қорлайтын астарлы мәтінді қамтитын немесе жеке адамға немесе адамдар тобына жынысына байланысты дұшпандық көрсететін плакаттарды, сондай-ақ қорлайтын суреттерді, аудио және бейне материалдарды қалаусыз көрсетуді немесе көпшілікке көрсету немесе талқылау.

Киберкеңістіктегі мәжбүрлеу: қаламайтын, қорлайтын электрондық хаттарды немесе ашық мазмұны бар мәтіндік хабарламаларды алу; әлеуметтік желілерде немесе интернет-чаттарда орынсыз, қорлайтын талаптар.

6.2. Қоғамның әрбір жұмыскері корпоративтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам ресурстарын басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшелердің тікелей басшысына, өкілдеріне хабарлай алады не Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті органдарына жүгіне алады.

6.3. Кемсітушілік пен харасмент барлық жұмысшылар үшін қолайсыз және тыйым салынған мінез-құлық болып табылады.


7. Жазбалар

7.1. Осы Саясатта «Жазбаларды басқару» ДП-03 құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес басқарылуы тиіс жазбалар жоқ.

8. Қайта қарау, өзгертулер енгізу, сақтау және тарату

8.1. Саясат қажеттілігіне қарай қайта қаралады, бірақ Қоғам Басқармасы үш жылда бір реттен сиретпей оның өзектілігі мен қолданылатын стандарттар мен практикаларға сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

8.2. Осы Саясатты қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату «Құжаттаманы басқару» ПД-02 құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

 QAZAQGAZ <small>НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ</small>	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 1 Сәйк. код: П-19-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-дағы және оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы кемсітушілік пен харассментке қарсы саясат	9 беттің 7-ші беті

8.3. «Түпнұсқа» осы құжатталған рәсімнің қағаз түрінде ресімделеді және Қоғамның ИМЖ ЖҚБ-да сақталады.

8.4. Осы құжатталған рәсімнің сканерленген нұсқасы Қоғамның интернет-порталында орналастырылады.

